

Сәбден О., Триулцы У.,
Кангалакова Д.

**Қазақстандағы кәсіпорындар-
да инновациялық қызметтің
атқарылмау себептері**

Қазір экономикамыздың бәсекелесе алу деңгейін технологиялық құрылыстың (ТҚ) болуы арқылы да байқай аламыз. Мысалы, жуығымен бізде III ТҚ – 64%, IV ТҚ – 35%, V ТҚ – 1% көлемінде. Оның барлығы әлемде инновациялық үрдістердің дамуымен түсіндіріледі. Ал инновациялық үрдіс дамуының негізгі қозғаушы күші болып шағын және орта кәсіпорын табылады. Республикамызда инновациялық шағын және орта кәсіпкерліктің дамуының тежеуші факторларына қаржы құралдарының аз көлемі, инновациялық тауар мен қызметке деген сұраныстың аздығы немесе мүлдем жоқтығы, инновациялық тауар нарығы жайлы ақпарат аздығы, инновациялық тауар өндіретін маман жетіспеушілігі және сол сияқты мәселелерді жатқыза аламыз. Бұл мәселелерді жетілдіре және алдын-ала отырып, еліміздің экономикасын, яғни экономикалық жағдайының бәсекеге қабілеттілігін, алға сүйрейтін драйвері болып табылатын инновациялық шағын және орта кәсіпкерлікті дамыта аламыз.

Түйін сөздер: Шағын және орта кәсіпкерлік, инновация, инновациялық кәсіпкерлік, инновациялық өнім.

Sabden O., Triulzi U.,
Kangalakova D.

**The reasons for non-
implementation of innovative
activity at the enterprises
of the Kazakhstan**

Today competitiveness of the country can be defined by features of technological structure in the economy. For example, in our country III TU 64%, IV TU – 35%, V TU – 1%. The efficiency of technological modes due to the development of innovation in the world. Small and medium business is the main driving force for innovation. Because of this, every country is facing problems of development of innovation. Therefore, the reasons for low innovation activity at the enterprises are lack of Finance, small full of lack of demand or an innovative product, the lack of information about the market of an innovative product, a shortage of qualified specialist in the field of innovation. In addressing these nuances, the Republic is able to develop small and medium entrepreneurship which is a driver of the economy.

Key words: Small and medium businesses, innovation, innovative entrepreneurship, innovative product.

Сабден О., Триулцы У.,
Кангалакова Д.

**Причины, препятствующие
развитию инновационной дея-
тельности на предприятиях
Казахстана**

Сегодня конкурентноспособность страны можно определить с помощью освоенности технологических укладов в экономике. Например, у нас в стране III ТУ – 64%, IV ТУ – 35%, V ТУ – 1%. Эффективность технологических укладов объясняется развитием инновации в мире. Малый и средний бизнес являются основной движущей силой развития инновации. Из-за этого каждая страна сталкивается с проблемами развития инновации. Поэтому причинами низкого развития инновационной деятельности на предприятиях являются нехватка финансирования, малый спрос или полное его отсутствие на инновационный продукт, отсутствие информации о рынке инновационного продукта, нехватка квалифицированного специалиста в области инновации. При решении этих нюансов в республике может полноценно развиваться малое и среднее предпринимательство, которые являются драйвером экономики.

Ключевые слова: малый и средний бизнес, инновация, инновационное предпринимательство, инновационный продукт.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
КӘСІПОРЫНДАРДА
ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ҚЫЗМЕТТІҢ
АТҚАРЫЛМАУ
СЕБЕПТЕРІ**

Соңғы жылдары ел экономикасын жаңа деңгейге көтеру туралы көп сөз қозғалып жатыр. Қазір экономикамыздың бәсекелесе алу деңгейін технологиялық құрылыстың (ТҚ) болуы арқылы да байқай аламыз. Мысалы, жуығымен бізде ІІІ ТҚ – 64%, ІV ТҚ – 35%, V ТҚ – 1% көлемінде. Ал АҚШ, Швейцария, Жапония сияқты мемлекеттерде технологиялық құрылыстың VI кезеңі жүріп жатыр. Оның барлығы әлемде инновациялық үрдістердің дамуымен түсіндіріледі. Ал инновациялық үрдіс дамуының негізгі қозғаушы күші болып, шағын және орта кәсіпорын табылады. Себебі, ірі кәсіпорындар арасында инновациялық қызмет көрсететіндер саны аз. Олардың қызметі дәстүрлі шикізат өнімін алуға бағытталған.

2014 жылдың Қазақстан Статистика комитетінің мәліметтеріне байланысты тіркелген кәсіпорындар саны – 24068 дана. Олардың инновациялық қызметпен айналысатын кәсіпорындар саны – 1940 дана. Яғни, 2014 жыл бойынша жалпы инновациялық қызметпен айналысатын кәсіпорын жалпы кәсіпорындар санының 8 пайызын ғана алады.

Қазақстанда кәсіпорындардың тіркелу саны бойынша Алматы қаласы алдыңғы орында және сәйкесінше инновациялық қызметпен айналысатын кәсіпорындардың саны да салыстырмалы түрде жоғары, 219 дана кәсіпорынды құрайды. Соның ішінде шамамен 151-і Алатау ауданындағы инновациялық технология паркінде қызмет жасайды. Бұдан басқа инновациялық қызметпен айналысатын аумақ болып, Астана қаласы табылады. Дегенмен, Алматымен салыстырғанда жалпы кәсіпорын құрамында, 1997 кәсіпорын ішінде 11 пайызы инновациялық қызметпен айналысады. Ал Алматы қаласы бойынша жалпы кәсіпорындар санынан инновациялық қызмет көрсететін кәсіпорындар саны 4 пайызды ғана құрайды. Ал ең нашар көрсеткіштерге Батыс Қазақстан облысы мен Маңғыстау облысы, сәйкесінше 51 және 32 инновациялық кәсіпорын ие. Яғни, Алматы мен Астана қаласында инновациялық қызметтің дамуы бұл қалалардың дамуына байланысты жоғары болып отыр.

Қазақстан Республикасы бойынша 2014 жылғы мәліметтер бойынша жалпы инновациялық өнім көлемі 580 386,0 млн. теңге құрайды. Батыс Қазақстанда инновациялық кәсіпорындар саны төмен болғанымен, ол кәсіпорындардың потенциалы жо-

ғары, ол аумақта шығарылатын өнім көлемі 97 778,9 млн. теңге және Астана қаласында да ол

потенциал жоғары, 125 507,0 млн теңгеге инновациялық өнім көлемі шығарылып отыр.

1-кесте – 2014 жыл бойынша Қазақстан Республикасы мен облыстар жалпы инновациялық өнім

2014 жыл	жалпы кәсіпорындар саны	жалпы инновациялық өнім көлемі, млн теңге	инновациялық қызметпен айналысатын кәсіпорындар саны
Қазақстан Республикасы	24 068	580 386,0	1 940
Ақмола	1 270	33 801,6	92
Ақтөбе	1 114	4 454,4	85
Алматы	1 473	16 608,9	139
Атырау	977	18 655,3	79
Батыс Қазақстан	768	97 778,9	51
Жамбыл	808	25 250,3	98
Қарағанды	1 902	5 996,5	159
Қостанай	1 500	21 578,1	204
Қызылорда	725	57 633,9	73
Маңғыстау	922	4 761,2	32
Оңтүстік Қазақстан	2 025	1 546,8	143
Павлодар	1 142	83 070,6	79
Солтүстік Қазақстан	1 001	16 500,4	116
Шығыс Қазақстан	2 055	45 153,5	157
Астана қаласы	1 997	125 507,0	214
Алматы қаласы	4 389	22 088,6	219
Ескерту – авторлармен статистикалық мәліметтер несізінде құрастырылған [1]			

Әрине, бұл көрсеткіштер де жаман емес. Тәуелсіздік алғанымызға 24 жыл болып отыр. Болашақта инновациялық үрдіс экономикамызда дами түседі. Мысалы, Корея Республикасын алатын болсақ, олар 60 жыл ішінде дамымаған аграрлы мемлекеттен Азия жолбарыстарының біріне айналып отыр, бұдан басқа тез дамып келе жатқан мемлекеттер қатарына Қытай және Бразилияны жатқыза аламыз. Солар сияқты болашақта әлі жетістіктерге жетерміз.

Дегенмен, елімізде инновациялық үрдістің дамуына тежеу болып отырған себептер де бар.

Қазақстан Республикасы мен облыстар бойынша кәсіпорындарда инновациялық қызметтің атқарылмау туралы 2014 жыл бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігі Статистика комитеті тарапынан кә-

сіпорындар арасында сауал өткізілген болатын. Бұл сауалда инновациялық қызметпен айналысатын да, айналыспайтын да кәсіпорындар қатысқан. Олардың басым бөлігін шағын және орта кәсіпкерлік құрайды.

Кесте 2 негізінде жасалынған сурет 1 бойынша ең үлкен көлемді қаржы құралдарының жетіспеушілігі. Шағын және орта кәсіпкерлік өз ісін бастау үшін өзінің қаражаттарын немесе несие қаражаттары қолданады. Қазір 2016 жылы мынадай дағдарыс жағдайында, халық қолында бос қаражат санаулы. Ал кей банктер шағын және орта кәсіпкерлікке несие берудің кей өтініштеріне теріс жауаппен қайтарады. Оған себепші, қазіргі Қазақстанның екінші деңгейлі банктерінің несие қоржын сапасының төмендігін айтуға болады. Дегенмен, кей ға-

лымдардың зерттеуіне сай, егер ірі бизнеспен салыстыратын болсақ, шағын және орта кәсіпкерлікті несиелендіруге қарағанда қайтарымдылық деңгейі жоғары. Мемлекетте жұмыс жасайтын санаулы венчурлік қорларда барлығын бірдей қолдай алмайды. Инновациялық кәсіпкерлікті қолдау үшін, қаржы тапшылығын жою үшін, мемлекет тарапынан мықты ұйымдастырылған саясат қажет. Статистикалық мәліметке сәйкес кәсіпкерлердің инновациялық қызмет көрсете алмаудың ең басты себебі қаржы құралдарының жетіспеушілігі

болып отыр. Бұл мәселені шешу үшін, көптеген экономист ғалымдардың айтуына сәйкес, шетел инвесторлары мен трансұлттық компаниялардың қаражатын тарту қажет. Олар инвестиция құятындай инвестициялық климатты жақсарту қажет. Кәсіпкерлікті тек мемлекеттің бюджет есебінен дамыту мүмкін емес.

Республикалық инновациялық технология нарығы әлемдік осы нарығының перифериясында қалып отыр. Қаржы жетіспеушілігінен басқа, инновациялық кәсіпкерлікті дамытуға кедергі бір себеп болып, инновациялық тауарларға сұраныстың жоқтығы табылады.

2-кесте – 2014 жыл бойынша Қазақстан Республикасы мен облыстар бойынша кәсіпорындарда инновациялық қызметтің атқарылмау себептері

Облыс/себеп	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Қазақстан Республикасы	160	245	180	1 094	1 675	8 198	9 345	776	883	626	273
Ақмола облысы	13	16	8	30	90	365	462	7	62	30	11
Ақтөбе облысы	1	11	14	50	126	296	455	4	29	22	29
Алматы облысы	25	13	4	89	84	391	517	31	79	8	7
Атырау облысы	14	6	13	56	77	446	230	67	8	21	58
Батыс Қазақстан облысы	5	6	-	50	46	168	270	14	109	12	5
Жамбыл облысы	8	14	14	32	11	206	282	26	41	25	16
Қарағанды облысы	6	13	15	128	132	535	783	17	111	22	2
Қостанай облысы	2	8	3	53	102	552	428	21	55	37	11
Қызылорда облысы	1	8	7	21	1	205	194	7	14	187	-
Маңғыстау облысы	5	4	3	35	16	747	88	6	11	5	3
Оңтүстік Қазақстан облысы	8	32	7	94	149	819	776	10	45	14	43
Павлодар облысы	3	11	9	65	72	355	467	14	46	32	2
Солтүстік Қазақстан	-	5	7	38	48	270	362	13	38	8	15
Шығыс Қазақстан облысы	9	18	16	117	97	829	559	45	93	30	13
Астана қ.	52	23	17	113	483	1 050	372	31	57	40	13
Алматы қ.	8	57	43	123	141	964	3 100	463	85	133	45

Ескерту¹:

1. Нарық туралы ақпараттың жоқтығы
2. Инновация үшін серіктестік табудың қиындығы
3. Нарықтағы бар кәсіпорынның үстемдігі
4. Инновациялық тауарлар мен қызметтерге сұраныстың белгісіздігі
5. Бұрынғы инновациялар әсерінен қажеттіліктің туындамауы
6. Сұраныстың жоқтығына байланысты инновацияға қажеттілік жоқ
7. Қаржы құралдарының жетіспеушілігі
8. Сыртқы қаржыландыру көздерінен қаржы құралдарының жетіспеушілігі
9. Инновациялық шығыстардың жоғары деңгейде болуы
10. Білікті маманның жетіспеушілігі
11. Технологиялар жөнінде ақпараттың жоқтығы

Ескерту² – авторлармен статистикалық мәліметтер несізінде құрастырылған [1]

Республикалық инновациялық технология нарығы әлемдік осы нарығының перифериясында қалып отыр. Қаржы жетіспеушілігінен басқа, инновациялық кәсіпкерлікті дамытуға кедергі бір себеп болып инновациялық тауарларға сұраныстың жоқтығы табылады.

Инновациялық тауарлардың ұсыныс ассортиментінің нашар болуына сәйкес оған деген сұраныста аз. Қазір мемлекетімізге кез-келген инновациялық гаджет немесе құрылғы импортталады. Ал инновациялық қызмет көрсету саласы мүлдем дамымаған. Отандық инновациялық тауарларға қызығушылықты ояту үшін алдынмен ол қол жетімді әрі сапалы болуы тиіс. Егер сапасыз болатын болса немесе тым қымбат болса, отандық тауарды алудың орнына сол бағаға ие шетелдік брендтің тауарын алуға ұмтылады. Сол себепті сатып алушыны отандық тауарды алатындай қызықтыра алу керек.

Келесі бір себеп – бұрынғы инновациялар әсерінен қажеттіліктің туындамауы.

Әлемдік жаңа технология нарығында ірі алып компаниялар инновациялық үрдісті бақылап отыр. Яғни, олар ірі масштабтағы инновацияларға ғана қызығады, себебі халықаралық нарықтағы беделіне байланысты аз пайда әкелетін инновациялармен шұғылданғылары келмейді және инновациялық үрдістің даму тенденциясын да бақылауда. Жылдан жылға жаңа инновациялық үрдістердің артуынан адамзаттың өмір сүру жағдайы жеңілдей түсуде. Яғни жаңа инновациялық үрдістің туындау мүмкіндігі азайып отыр, ол кездейсоқ қана пайда болатындай жағдайға жетті. Сол себепті, жаңа инновациялық құбылыс ашу қиынға түсіп отыр.

Кәсіпкердің ең басты тәуекелі инновациялық тауарлар мен қызметтерге сұраныстың белгісіздігімен сипатталады. Шетелдік ғалым Генри Чесброның «Ашық инновациялар» кітабында айтылғандай [2], алдыңғы ғасырда американдық алып компаниялар өздерінің зерттеу зертханаларында инновациялық тауарларды жасаумен айналысқан. Дегенмен, ол тәжірибелер тек сол зертханада тестіленіп, нарыққа, арнайы жетекші менеджерлердің шешімінсіз шығарылмаған. Ал оны жасаған ғалым, өз туындысын алып нарыққа шығарған, ол ғалымдардың кейбіреуі үлкен сұранысқа ие болып үлкен компанияға дейін дамыған, ал кейбіреуі сәтсіздікке ұшырап жабылып қалған. Сол сияқты кез келген кәсіпкер өз инновациялық тауарына байланысты

белгілі бір тәуекелге ұшырайды. Ол тәуекел үлкен пайда әкелуі немесе банкротқа ұшыратуы мүмкін, оның бәрі кәсіпкердің шешім қабылдауына байланысты.

Кез келген кәсіпкерлікті бастау үшін бастапқы капитал қажет. Ал инновациялық тауар өндіру үшін үлкен капитал қажет. Себебі инновациялық тауарды өндіруде сәтсіздікке ұшырау коэффициенті жоғары. Инновациялық шығындарға белгілі бір инновациялық идеяны рйоап табудан оны нарыққа енгізуге дейін көптеген өндірісті үрдістер жүргізіледі. Оны жетілдіру жұмыстары жүргізіледі. Оның барлығы үлкен қаржыландыруды қажетсінеді. Жаңа инновациялық өнім енгізу үшін бұрын соңды болмаған техника мен технология қажет. Инновациялық шығыстардың жоғары болғанымен, одан да түсетін пайда жоғары болады.

Инновациялық тауарды өндіріп шығару үшін білікті мамандар қажет. Сол себепті, 2017 жылдан бастап, мемлекетімізде кей техникалық мамандықтарға оқыту тегін болады. Дегенмен, Германиядағыдай жалпыға жоғары білім беру жүйесі тегін болса, мемлекетімізде оқуға қаражаты жетпей жүрген жас талантты мамандар инновациялық, креативті идеяларымен мемлекетімізде инновациялық үрдісті дамытса деген үміт бар. Қазір инновациялық үрдіс, кесте 2 сәйкес, еліміздің батыс аймағындағы мұнаймен айналысатын аймақтарда дамыған. Ол жақта мұнайды барлап шығарудың өзінде шетелден техника әкелінген болатын. Сол техниканың тілін табу үшін шетел мамандары шақырылған. Сондай техниканы шығару үшін біздің мамандардың да білімі жеткілікті. Қытайдың тәжірибесіндей, шетелдегі инновациялық технологияның негізгі бөлшегін ғана сатып алып, оны бастапқы күйінен де көп функционалды қылып жасау сияқты тәжірибені бізге де енгізу қажет.

Бұдан басқа, басты бюджетті толтыратын кәсіпкерлік ірі болып саналады. Олар белгілі бір саланы монополиялап алған. Сол ірі монополия кәсіпорыны шикізат шығарады. Сол ірі кәсіпорын бірнеше орта және шағын кәсіпкерлікті жұмылдыра отырып, инновациялық өнім шығаруды жүзеге асыра алатындай жағдайда. Сол үшін, мемлекет тарапына ірі және орта, шағын кәсіпкерлік арасындағы байланыстың болуы үшін арнайы ынталандыру шаралары жүргізілсе, мысалы, салықтық жеңілдіктер немесе несиенің пайыздық қойылымының салыстырмалы түрде аздығы, жақсы болар еді.

